

Израильде біліктілігін көтерді



Рауза МҰСАБАЙ

Халықаралық «Болашақ» стипендиясы сала мамандарының әлемнің озық елдерінде біліктілік көтеруіне жасалып отырған зор мүмкіндік. Қалалық ауруханадағы реанимация бөлімшесінің I санатты анестезиолог-реаниматологы Қабыл Түсіповтің «Болашақ» стипендиясының иегері ретінде Израильдің Тель-Авив қаласына жолы түсті.



Қабыл Әбдірахымұлы Қазақстаннан барған 12 дәрігермен бірге онда Эдит Вольфсон атындағы клиникада үш ай біліктілігін жетілдірді. Миллиардер Азека Вольфсон 1980 жылы Тель-Авивте өз қаражатына он қабатты клиника тұрғызып, оған әйелі Эдиттің есімін берген екен. Бүгінгі таңда мемлекеттік болып саналатын клиника сондағы медициналық университеттің базасы ретінде жұмыс істейді. Жетпіс бөлімшеден тұратын бұл ауруханадағы төсек саны 800-ге таяу. Осында өзге мемлекеттердің медицина қызметкерлерінің заманауи медициналық құрал-жабдықтармен танысып, оны қолдануда еңбек тәжірибесінен өтуіне жағдай жасалған.

—Израильде медицина саласы өте жоғары деңгейде дамығанына кез жеткіздік. Операция барысында қолданылатын медициналық аппараттардың жұмысымен таныстық. Бір

өзгешелігі, онда операция кезінде науқастың жағдайы, анализдері монитордан көрсетіліп тұрады. Мәселен, дәрігер науқастың жүрек соғысы, қандағы оттегі мен көмірқышқыл газының мөлшері, қысымы, тыныс алу циклы, дене қызуын кең диагональды монитор арқылы бақылап, соған сәйкес ем-домын жасайды. Мұның өзі дерттің бетін өрі қаратып, науқастың сауығуына ықпал етеді. Израильде науқастарға қолданылатын дәрі-дәрмектерінің сапасы өте жоғары, яғни, ағзаға кері әсері болар-болмас қана,-дейді операцияларға ассистент ретінде қатысқан тәжірибелі реаниматолог.

Қабыл Түсіпов мұнда келісімен әріптестерімен тәжірибе алмасыпты. Қалалық аурухана әкімшілігі болса Израиль клиникаларында пайдаланатын сапалы дәрі-дәрмекке мүмкіндігінше қол жеткізу жағын қарастыру үстінде.